

«Бекітемін»

Мектеп директоры:



Е.Ақшалов

Түзету- дамытушылық жұмыс

Тақырыбы: Менде бәрі жақсы

Педагог-психолог: Айгараева К

Қызылорда қаласы

Тақырыбы: Менде бәрі жақсы

Мақсаты: оқушылар арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу, оқушылардың өмірдегі өз орнын табуға көмектесу, жан дүниесін байыту арқылы адамгершілікке жетелеу, жақсы қасиеттерді бала бойына дарыту, жасөспірімдердің психикалық денсаулығын жақсартуға, жаңа ортаға бейімделуіне, қоғам арасында қарым-қатынасты қалыптастыруға, өз-өзін реттеуге және өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу мақсатында психологтың атқаратын жұмыстарын игеру

Әдіс — тәсілдері: әңгімелесу, сұрақ — жауап, ойын, тренинг, жаттығулар.

Көрнекілігі: интерактивті тақта

Жоспары:

1. «Бір-біріңе» жаттығуы
2. «Оның есесіне мен...» жаттығуы.
3. «Поезд» жаттығуы
4. Атомдар және молекула» жаттығуы
5. Мен саған сенемін» жаттығуы.
6. Қоштасу «Ыстық алақан» жаттығуы
7. Кері байланыс

1. «Бір-біріңе» жаттығуы

Қатысушылар аудиторияда еркін жүріп, менің тапсырмаларымды орындаулары қажет. Мен «Бір-біріңе» дегенде сіздер жұп табуларыңыз керек. Жұптасқаннан кейін: «бір-бірлерінің қолдарыңды қысыңдар, аяқтарыңызды- аяққа, басты-басқа, қолды-қолға, мұрынды-мұрынға, құлақты-құлаққа, арқаны- арқаға, ішті-ішке т.б. Залда тағыда еркін жүріп, жаңа жұп табуларың керек. Ойын жаңа жұппен жалғастырылады.

Рефлексия: Көңіл-күйлеріңмен бөлісіңіздер. Қандай сезімде болдыңыздар.

2. «Оның есесіне мен...» жаттығуы.

Барлық қатысушыларға аяқталмаған сөйлемдері бар карточкалар таратылады. Сөйлемдерді әр қатысушы өз ойымен аяқтайды.

- Мен бәліш пісіре алмаймын, оның есесіне
- Мен шаршадым, оның есесіне
- Мен жақсы билей алмаймын, оның есесіне
- Мен көп үндемейтін адаммын, оның есесіне
- Мен көп ұйықтаймын, бірақ оның есесіне
- Мен жұрттың бәріне құрметті бола алмаймын, оның есесіне ...
- Мен еден жууды ұнатпаймын, оның есесіне ...
- Мен Үндістанда болған жоқпын, оның есесіне
- Мен пәлендей батыл емеспін, оның есесіне
- Мен өзім туралы көп ойламаймын, оның есесіне.....
- Мен тез ашуланғыш адаммын, оның есесіне.....
- Мен соншалықты сымбатты емеспін, оның есесіне
- Мен тым толықпын, оның есесіне.....
- Менің аяқтарым ұзын емес, оның есесіне ...

- Менің кемшіліктерім көп, оның есесіне
— Менің жазуым әдемі емес, оның есесіне

3. «Поезд» жаттығуы

Ойын ортада жүргізіледі. Ең алдымен 1-2-ге санап шығуымыз керек. 1-нөмірдегілер қолдарын 1 рет соғып, аяқтарымен еденді 2 рет тарсылдатады, ал 2-нөмірдегілер 2 рет қолдарын соғып, 1 рет аяқтарын еденге тарсылдатады.

Қозғалыс, қимылдар осылай қайталана береді, яғни поездің жүру дыбысы естіледі.

Рефлексия

Сіз қандай сезімде болдыңыз?

4. «Мен саған сенемін» жаттығуы.

Жұпқа бірігеміз. Бір-біріңізге қарама қарсы орналасыңыз. Азғантай уақыт бір-біріңіздің көздеріңізге тіке қарап, тыныш отырыңыз. Енді бір-біріңізге «Мен саған сенемін, өйткені...» деп сөйлемді жалғастырыңыз. Мысалы: «Мен саған сенемін, өйткені сен ешқашан маған жаман сөз айтпайсың». 1 сөйлемнен айтылады.

Рефлексия: Қазір не сезіндіңіз?

Сізге орындау қиын болды ма?

5. «Атомдар және молекула» жаттығуы

Мақсаты: оқушылардың өзара қарым-қатынасын арттыру. Көңіл күйлерін көтеру.
Ортаға бейімделуіне ықпал ету

Нұсқау: Ортада оқушылар еркін жүреді. Берілген нұсқау бойынша бірігеді, шашырайды.

6. «Ыстық алақан» жаттығуы

Мақсаты: Жақсы қасиеттерін, жақсы тілектерін айту арқылы оқушылардың өзара қарым-қатынасы артады. Бір-бірін жақсы көрді, жақсы қасиетін айтуды, мақтауды, т.б үйренеді. қатынасын арттыру. Көңіл күйін көтеру.

7. Кері байланыс.

Анықтама

2025 жылдың 20 мамыр күні 7 сынып оқушылары арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу, жаңа ортаға бейімделуіне, қоғам арасында қарым-қатынасты қалыптастыруға, өз-өзін реттеу көмектесу мақсатында «Менде бәрі жақсы» тақырыбында тренинг өткізілді.

Тренинг барысында «Бір-біріңе», «Оның есесіне мен...», «Поезд», «Мен саған сенемін» жаттығулары жасалды.

Оқушылардың көңіл күйлері жақсы болды. Белсенді қатысты.



Кеңес: мектепшілік іс-шараларға қалмай қатысу. Бір-біріне үнемі қолдау жасау.

Қорытынды: Оқушылар белсенді қатысты. Бір-бірімен қарым-қатынасы жақсы. Ортақ тіл табысып кеткен. Ашық, еркін сөйлейді. Еркін қарым-қатынаста.

Педагог-психолог:  Айғараева К